

«Қожа Ахмет Яссауи» атты кітап альбомының екінші басылымында қолды болған жәдігерлерді енгізді. Ғалымның өзінің айтуынша: «1905 жылы кесенеден ұрланған шырағдан Франциядан, Луврдан бір-ақ шығыпты, 1915 жылы бір адам музейге сыйға тартқан көрінеді. Лувр музейінің басшылығына үлкен рақмет, бізге шырағдан туралы толық мәлімет беріп қана қоймай, шырағданның суретін жариялауға да рұқсат берді. Кесенеден ұрланған жәдігерлердің екінші бір тобы Санкт-Петербургте, Эрмитажда, шырағдандардың үшеуі, жазуы бар есіктің тұтқасы да сонда. Әріптестеріміз академик М.Б.Пиотровский, профессор Е.А.Резвандардың рұқсатымен жәдігерлердің көшірмесін алдық. Кесенеге қатысты үшінші деректер тобын өзіміздің Алматыдағы Ұлттық кітапханадан таптық. Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар қорында 50-ден астам Құран бар екен. Құранның үшеуін 1935 жылы Яссауи кесенесінен алып келінгені туралы қолжазбаның өзінде және кітапхана құжаттарында жазылған екен. Бұған осы уақытқа дейін ешкім мән бермеген, зерттелмей қалып қойған. Бұл үш Құранның біреуі куфи жазуымен жазылған. Ал куфи жазуы XIV ғасырға дейін ғана пайдаланылған, яғни бұл– шамамен XII ғасырда көшірілген көне Құран. Екі Құран да құнды жәдігерлер қатарына жатады. Кейін көшірілгенімен, әр жолдың астына парсыша аудармасы берілген», - дейді [4, 38 б.].

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі- түркі әлемінің рухани орталығы. Кесене халқымыздың баға жетпес мұрасы, ескерткіші. Бұл тек қана ескерткіш емес, Ислам дінінің гүлденіп, дамуының, кең қанат жаюының символы, ұлтымыздың мол қазынасы іспеттес. Сәулет өнерінің ескерткіші сонымен қоса мұсылмандардың мінәжат ету орнына айналған. Кесене сонысымен қазаққа ыстық әрі қадірлі.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1 «Хазірет Сұлтан» мақаласы. Міржақып Дулатов. «Қазақ» газеті, №16-17 сандары. 1913 жыл 9 маусым.
- 2 Шараф ад-Дин Али Йазди. Зафар-наме. 2008 жыл.
- 3 Қазақ ұлттық энциклопедиясы 6 том. Бас ред. Б. Аяған, ред. алқасы: С. Әбиев [ж. б.] - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2004 жыл.
- 4 Марфуға Шапиян «Тұлғалар өміріндегі ислам» Алматы 2020 жыл.
- 5 М.Тұяқбаев. Түркістанда жерленген тұлғалар. Алматы 2000 жыл

#### **«ҚАЗАҚ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІ – ҰЛТТЫҚ ТАРИХЫМЫЗ БЕН МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕРІ»**

Рахымберлинова А., Колдасова Г.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Тулегенова А.Ж.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

[gulniza.koldasova02@mail.ru](mailto:gulniza.koldasova02@mail.ru), [aikumis.rahimberlinova@mail.ru](mailto:aikumis.rahimberlinova@mail.ru)

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында қазақстандықтардың рухани жаңғыруын жүзеге асырудың бірнеше бағытын анықтап берген болатын. Бұған ол бірқатар жобаларды жүзеге асыру арқылы қол жеткізуді ұсынды. Солардың бірі «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы.

Қазақстан жері тарихи және мәдени ескерткіштерге бай. Кесенелер, тарихи орындар, елді мекендер әлі күнге өткен дәуірдің құпияларын жасырып жатыр. Мұндай киелі жерлерді көру сол кездердің куәгерлерін кездестірумен және оқиғаларын көрумен бірдей болған болар еді. «Қазақстанның киелі жерлері» – тарих пен мәдениетке, адамның рухани дамуына және оның туған жеріне деген байланысына негізделі отырып, адам мен оның өміріне бағытталған. Тарихи дара тұлғаларды мәңгі еске сақтауда ұлтты мәдени байыту мен мінәжат

етуге арналған орындар түріндегі ұлы ата-баба ерліктерін осындай бағдарға жатқызуға болады. Мұндай орындарды білуіміз төл тарихымызды үйретіп, олардан қажетті өмірлік қуат алуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты, Киелі мекендерді жүйелеу мен жіктеу арқылы адамның рухани баю мәселесін алға тартып қана қоймай, сонымен қатар мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді, бай тарихымыздың құндылықтарын көрсете аламыз. Иә, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» үлкеннің де, кішінің де рухани дамуына зор үлес қоспақ. Халық, оның ішінде жастар туған өлкесінің тарихымен етене танысуына мүмкіндік алады [1].

Осы орайда қоғамдық тарихи сананы ұлттық тұрғыда тәрбиелеу, тарихи сапалы білім беру жастарды өз халқының рухани әлемімен жақын танысып, ұлттық мәдениет пен тарихты түсінуге, халықтың асыл қазыналары мен құндылықтарын, таным жүйесін қабылдауға ықпал етуге арналып, тарих, мәдениет және табиғи ескерткіштерін қорғауды күшейтуді дамыту керек.

Қазақстан жерінің ұлан-байтақ кеңістігінде бүгінгі күні 25 мыңнан астам тарихи-мәдени жәдігерлер бар. Олар Қазақстан халқы мен оның мәдениетінің бастау көздері түпнегізін, сондай-ақ Қазақстан аумағында өзінің екінші отанын тапқан және өз мәдениетінің дүниеге екінші қайтара келуін бастан кешірген басқа халықтардың тағдырын айғақтайды. Біздер, Қазақстандықтар, адамзаттың тарихи-мәдени құндылықтары жүйесінде өзімізге лайықты орынымызды иемденуге құқылы екенімізді көрсетеді. 25 мың жәдігердің 18,5 мыңы құжатталды. Ескерткіштердің 8 мыңының жергілікті, 205 жәдігердің республикалық мәні бар және мемлекеттің қорғауында. Әлемдік мәні бар жәдігерлердің саны осы кезеңге дейін анықталған жоқ [2].

Еліміздегі осы киелі орындар санатына жататын, ақылына көркі сай деп аңыз әңгімелерге арқау болған, Қожа Ахмет Яссауидің қызы – Гауһар ана жайлы, оның Түркістан қаласындағы кесенесі туралы білмейтін жұрт кемде-кем шығар. Гауһар ана кесенесі (XII-XIV ғғ.) Түркістан қаласынан оңтүстікке қарай 4 шақырым жерде, Түркістан – Шәуілдір автокөлік жолынан солға қарай 400-500 метр қашықтықта орналасқан.

Гауһар ана – ұлы ақын, ойшыл Қожа Ахмет Ясауидің қызы. Гауһар ана жайлы аңыз-әңгімелерге сүйенсек, ол емшілік қасиеті ерекше жан болған деседі. Әлі күнге дейін ана кесенесінің маңында емдік қасиеттері бар артезиан суы шығатын құдықтар көптеп кездеседі. Деректерде анамыздың ақылы көркіне сай ерекше жан болғандығы айтылады. Гауһар ананың қашан қайтыс болғаны жөнінде мәлімет жоқ, тек 1122-1124 жылдары туылып, шамамен 1187-1189 жылдары дүниеден озған деген жорамал бар.

«Әзірет Сұлтан» кесенесінде ұзақ жылдар мұражай директоры болған О. Дастанов ақсақалдың ел аузынан естіген аңызы бойынша, Гауһар ана қайтыс боларында «Мені інім Ибраһим шайхтың қаны төгілген жерге қойыңдар» деп өсиет етіпті. Аңызға сенсек, Ибраһимді Сүйір деген халық өздері қазған арықтан рұқсатсыз су алғаны үшін кетпенмен шауып өлтірген, яғни бұл Сүйір арығының жағасы болуы керек. Нақақтан-нақақ бауырының қаны төгілген жерде Гауһар ананың мазары жатыр [3, 47 б.].

Қожа Ахмет Ясауи мен Гауһар ана кесенесі арасында жерасты жолы бар деген аңыздар да бар. Гауһар анамыз әкесі жерасты қылуына түскен кезде өмірден өтеді. Ясауи бабамыз қызының мазарына қылуынан күн шуағына шықпай барып тұру үшін жерасты жолын салған деседі. Бірақ тарихи деректерде жерасты жолы туралы мағлұмат көп кездеспейді. Осы кесенедің қарауыл болып істеген қарияның басынан өткен оқиғасы Гауһар ананың емшілік қасиетінің мол екенін дәлелдей түседі. Келушілерді қабылдап, ана рухына құран бағыштап отырған ақсақал зиярат етушілерге өз басынан өткен оқиғаны былай әңгімелеп берген. Ертеректе еңбекпен түзету колониясындағы мектепте директор болып жұмыс істеген ақсақал кейін қатты ауруға шалдығады. Бауыр ісігінен зардап шеккен оның науқасы жанына батыпты. Әрине, бұл кеселдің емі болмай талай адам өмірден өткені белгілі. Алайда, көрер жарығы бар екен, пенденің пешенесіне жазылмаған бұл науқастан айығу осы

кісіге бұйырған. Науқасы жанына батып жүрген бір күндері түнде ұйықтап жатқанда түсінде аян беріледі. Оянғаннан кейін «Салу керек» деген сөз есінен шықпай қояды. Нені салу керек?! Өзі де білмейді. Сөйтіп жүргенде Гауһар ана зиратының басын мал таптап жатқандығын көреді. Маған берілген аян осы шығар деп баласының үйін сатып, сол қаржымен зираттың айналасын қоршап, басына шағын мазар тұрғызыпты. Бұл әрекетін Алла қабыл қылса керек, ақсақал ауруынан құлан-таза айығып кетеді. Содан бастап Нұрғали есімді қария осы кесене басына келушілерді қабылдап, шама-шарқынша оларға қолғабысын тигізеді, қарауылдық қызмет жасайды.

Аңыз-әңгімелерде Гауһар ананың баласы болмағанын айтады. Әкесі «Еміңнен жазылған адамдардың бәрі – сенің балаларың» деп қызын жұбатқан деседі. Бүгінде Гауһар ана кесенесіне келушілер өте көп. Олардың көбі дертіне шипа іздеп келеді. Талай жанды емдеп, ауруынан айықтырған қасиетті ананың шарапаты тисе деп тілейді. Тіпті кейбіреулер дертінен құлантаза айығып кетіп жатады. Сырт кескіні архитектуралық келісті кесенелер негізінен әйелдерге арналған.

Жер жәннаты Жетісудың құрамдас өңірінің бірі Қаратал ауданы әулие, би, батырлар мекені саналады. Аймақтың ең үлкен, мықты және ең көп баратын кесенесі Ескелді би Жылкелдіұлының (1692-1780) кесенесі болып табылады. 1992 жылы би-батырдың туғанына 300 жыл толуына орай салынған. Шамасы кесене аз уақытта тұрғызылған, сондықтан қабырғалары жарыла бастаған. Сондықтан, 2015 жылы қайта құру жүргізілді.

Ескелді би – күллі қазақ халқына қауіп төнген XVIII ғасырда ел қорғаған батыр, ел бастаған би, шешен, әулие. Ескелдінің жастайынан зерек, тапқыр болып өсуіне қоршаған ортасы игі ықпал еткен. Ел билеген азаматтар, айыр тілді билер бас қосқанда әкесі Ескелдіні бала кезінен бірге ертіп жүрген. Ескелдінің әкесі Жылкелді жалайыр тайпасының ішіндегі берекесі мен бірлігі мол сиыршы руынан шыққан. Анасы Ұланбике Төле бидің қызы. Атақты Төле би жиенін 12 жасқа дейін қасына ертіп жүріп өзі тәрбиелеген. Ел ішінен шыққан парасат иелерінің ақыл-кеңесін, ділмәр-шешендердің сөз жүйесін, білікті билерден үзілмей келе жатқан жөн-жосық, ата жолын, уәж, пәтуә, бітім, келісім, шешім, үкім, кесім сияқты билік ұстанымдарын үйренді, жадына жаттады. Күллі Ұлы жүзді аузына қаратқан Төле биден бата алған соң Ескелдінің абыройы көтеріліп, барша Жалайырдың билігіне араласа бастайды. Ол өзінен екі жас кіші Балпық әулиемен, Қабылиса сияқты әрі ақын, әрі батырмен, қол бастаған Орақ батырмен бірге жоңғар басқыншыларына қарсы жойқын жорықтар жасап, елінен, жерінен айырылып босып кеткен жалайырлардың басын біріктірді. Ескелді бастаған қол Іле, Қаратал, Көксу бойында қалмақ жасақтарына қырғидай тиіп, бекіністерін талқандап, үнемі жеңіске жетіп отырған. Кейін Ескелді би хан Абылайдың уәзірі атанып, қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатына етене араласады [4, 130 б.] .

Талдықорғанның маңайындағы Үштөбе деген жерде Абылай бастаған қол қалмақтармен бетпе-бет кездесіп қалады. Сол кездегі салт бойынша әуелі екі жақтың батырлары жекпе-жекке шығуы керек. Сонда Долонхор деген қалмақ батырымен Ескелді айқасып, ұзақ арпалыстан кейін аттан аударып, басын кесіп әкелген екен. Сонда қазақтар жаппай шабуылға шығып, жауды қашырған дейді. “Ер Ескелді аталатын” деп аталуы осы тұс. Жетісудың атақты ақындары Сүйінбай мен Бақтыбайдың жырларына арқау болған, Абылай ханның үзеңгілесі, ел қорғаны, халық арасында көсемдігімен, сөз бастаған шешендігімен шоқтығы биік болған Жылкелдіұлы Ескелді батырдың ғұмыр жолы, ерлігі бүгінгі өскелең ұрпаққа үлгі – өнеге.

Ескелдінің тағы бір қыры, көбіне жыраулардың бойына тән әулиелік, көріпкелдік, келешекті болжаушы сияқты тылсым күштердің де иесі ретінде халық сенімін иеленуі. Ел арасында «Ескелдіге түне, Балпықтан тіле» деген мәтел бар. Бұл Ескелді бидің тірі кезінде адамға әсер ету қабілеті өте күшті болғандығын білдіреді. Қандай еліріп, жынданып тұрған адам болсын, ол кісінің алдына келгенде бір қарағанынан жым болып, жуасып қалған екен. Ескелді би зиратына ауырған адам түнеуге келген түннің ертесіне – ақ ауруынан құлан таза

жазылып кеткен оқиғалар болған. Міне осы мәтелдің ел ішінде әулиелерге мінәжат еткендер үшін бұлжымас қағидаға айналған [5, 12 б.] .Ескелді бидің әулиелігін куәландыратын бір дерек: сонау бір жылдары Қаратал өңіріне күріш егеміз деп жер қазғанда тік тартылған канал Ескелдінің зиратына тіреліпті. Жергілікті қариялар зиратқа жақындамандар, алыстан айналдыра қазындар десе, бұл жұмысты басқарушылар: “Әулиеге де, құдайға да сенбейміз” - деп, экскаваторшыны жұмсай беріпті. Алып машина қайта – қайта бұзылып сынса да, аналар өршелене түскен. Ақыры экскаватор құлап, машинист оңбай жараланған. Соңында канал арнасын күмбезден бұрып әкетуге мәжбүр болған. Мұны көзімен көргендер бар.

Ескелді бидің шешендігі мен ел арасындағы беделіне келетін болсақ, Жер жәннаты Жетісуға ата-қоныстарына шаршап-шалдығып жеткен бір тайпа елді Ескелді би бастаған бабалар ақылдаса келе сонау Текеліден бастап, Балқаш көліне шейінгі аралыққа ағайындардың арасында араздық, өкпе тумас үшін шұрайлы жерлерді он екі ата жалайырларға әділеттікпен бөліп беріпті. Бір қызығы, сан ғасыр өтсе де, әлі күнге шейін осы мекендерде Жалайыр атаның балалары тіршілік жасап, ұрпақ өсіріп, көгеріп-көктеп жатыр. Сол бір тайпа елді сақтап, болашақтарын болжап, жол көрсетіп кеткен Ескелді бабаның ұрпақтары қазіргі кезде Қаратал мен Көксу өзендерінің бойына қоныстанған.

Ескелді бидің тарихи тұлғасы, ірі қайраткерлік келбеті қазақтың ауызша тарихында тек рулық, тайпааралық дау-жанжалдарды үйлестіруші ғана емес, елдің сыртқы істеріне де араласқан қанігі саясаткер, жұртының тыныштығын ойлаған елші-бітімгер ретінде де көрініс береді.

Қорыта келе, Қазақ жері өзінің бай тарихымен ерекшеленеді. Оның ұлттық тарихы аса ерте замандардан бастау алады. Ел мен жерді қорғау ең алдымен сол ел мен сол жердің тарихын білуден басталады. Ел мен жердің тарихын білу тарихта өткен қасиетті ата – бабалар әруағына тағзым етіп, олардың игілікті істерін еске алудан бастау алады. Ұлт тарихынан білімді болудың басты мақсаты – өткеннен тағылым алу. Осыған орай еліміздегі тарихи-мәдени киелі жерлерді білу – біздің тарих алдындағы міндетіміз.

Киелі жерлер – ұлттық тарихымыз бен мәдениетіміздің құнды жәдігерлері болып табылады. Бұл әрбір елдің тарихы мен өткенінен сыр шертер халықтың ұлттық байлығы ғана емес, сол елдің өткені мен бүгінін саралайтын, сол арқылы келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде маңызы зор. Бұл мұралар көне тарихтың куәсі, сондықтан өткенімізден сыр шертіп, бүгінгі күнге дейін сақталып, жетіп отырған ескерткіштерді қорғау мен сақтау, оларды насихаттау әрбір азаматтың еліне, туған жеріне деген жанашырлығы, мәдени мұраларға деген қамқорлығы болмақ. Ал, өз кезегінде «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының толыққанды жүзеге асырылуы біртұтас еліміздің ұлттық-рухани тамырынан нәр алған жаңғыру үдерісін қарқындатып, жас буынның болашаққа сеніммен қарап, нық қадам басуына, олардың бойына қазақстандық патриотизм мен мемлекетшілдік рухты сіңіруге қызмет етпек.

#### **Пайдаланған тізімі:**

1 Досжан Р., Әуелбекова А. «Киелі жерлердің рухани маңызы». //Егемен Қазақстан, 20 қараша, 2018ж.

2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 5 том. – Алматы: Атамұра, 2010. - 688 б.

3 Абдикали Б. Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары. – Алматы: Атамұра, 2018. - 418 б.

4Тоғысбаев Б., Сужикова А.Тарихи тұлғалар.–Алматы: Алматыкітап, 2006.–376 бет.

5 Шәріпбайұлы Т. Киелі мекенім. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2002. – 128 б.